

Қосымша қосылатын электр қуатының бірлігі үшін төлемнің мөлшері туралы

Күші жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2007 жылғы 16 наурыздағы N 76 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 3 сәуірде N 2485 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 62 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2009.03.27 N 62 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 "Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы" қаулысын іске асыру мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді :

1. Облыс әкімиятының 2006 жылғы 7 ақпандағы N 42 қаулысымен бекітілген Атырау қаласы және Атырау облысының электр желілерін перспективалық дамыту жоспары негізінде 2007-2010 жылдардағы кезеңге арналған қосымша қосылатын электр қуатының бірлігі (1 кВт.) үшін төлемнің мөлшері 70 528 (жетпіс мың бес жүз жиырма сегіз) теңге 56 (елу алты) тиын мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту: өзгерту енгізілді - Атырау облыстық әкімиятының 2007.12.24 N 293, 2009.01.05 N 1 қаулыларымен.

2. "Атырау-Жарық" акционерлік қоғамына (келісім бойынша) электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін шығындарды өтеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 "Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Облыс әкімиятының 2006 жылғы 6 наурыздағы N 79 "Қосымша қосылатын электр қуатының бірлігі үшін төлемнің мөлшері туралы" қаулысы (Облыс әкімиятының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 321 "Облыс

әкімиятының 2006 жылғы 6 наурыздағы N 79 "Қосымша қосылатын электр қуатының бірлігі үшін төлемнің мөлшері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулысы) жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қ.Еңсегеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі